

ISSN 1811-1793

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТҰРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРИЯ



1-2' 2012

ПМУ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПГУ

А.Е. ЕГІНБАЕВА* С.Н. САДЕНОВА
ҚР КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
БЕЛСЕНДІЛІГІН БАҒАЛАУ**

Бүгінгі күні ҚР халқының жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуде тиімді экономиканы құру және де әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті экономиканы қалыптастыру - жоғары ұлттық басымдылық болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін еліміздің дүниежүзілік нарықта сұранысқа ие болып отырған минералды-шикізат ресурстарды, көптеген дамушы елдермен салыстырғанда айтарлықтай қарқынмен дамыған өндірістік-экономикалық және инновациялық әлеуеті және оған қоса халықтың жалпы білімінің жоғары деңгейі мен білікті кадрлар әбден жеткілікті. Осы факторларды еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының ұзақ мерзімді стратегиясы шеңберінде тиімді пайдалану оның тұрақты дамуы және қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай туғызатыны белгілі.

Ұлттық экономиканы әртараптандыру аясында ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Үкіметі үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын енгізді. Үдемелі индустриалды-инновациялық

даму бағдарламасының негізінде ел экономикасының шикізаттық бағыттан қол үзіп, сервистік-технологиялы экономика бағытына бет бұруға мүмкіндік туады.

2011 жылы ҚР-да өндірілген инновациялық өнім көлемі 142 млрд. теңге көлеміне тең болды. Павлодар өңірі өткізілген инновациялық өнімнің жалпы көлемі бойынша Қазақстан Республикасының облыстары арасында 1-ші орынға ие болды (72,6 млрд.тг). Қазақстанда өндірілген инновациялық өнімнің шамамен 52% Павлодар облысының кәсіпорындарына тиесілі. Бірақ өнеркәсіптік кәсіпорындардың меншікті өндірісінің жалпы көлемінде инновациялық өнімнің алатын үлесі небары 10% құрайды. Экономикалық қызмет түрлері бойынша инновациялық өнімдер көлемінің шамамен 72 млрд. тг көлеміндегі өнімі өңдеу өнеркәсібіне және қалған 600 млн.тг көлеміндегі өнім кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазу салаларына тиісті [1].

Қазақстан Республикасы бойынша инновациялық сипаттаға қызметтердің жалпы көлемі 8,8 млрд. теңге көрсеткішіне тең болды (2011 ж.). Инновациялық сипаттаға қызметтердің жалпы көлемі бойынша алғашқы үштікке: Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары кіреді. Павлодар өңірі 8-ші орынға ие. Павлодар облысы Қазақстан Республикасындағы инновациялық сипаттағы қызметтердің шамамен 3,2%-ын құрайды. Экономикалық қызмет түрлері бойынша инновациялық сипаттағы қызметтер көлемінің 238 млн. тг – ақпарат және байланыс, 35 млн. тг – кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, 14,5 млн.тг – білім саласындағы қызмет, қалған 2 млн.тг – көлік және қоймалау саласындағы қызметке тиесілі [2].

1-кестеге сәйкес Қазақстан республикасында жалпы респонденттер арасында инновациясы барлары 572 бірлікті құрайды (2011 жыл). Солардың ішінде 147 – Алматы қаласына, 106 – Қарағанды облысына тиесілі. Ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық бөлімшелер саны бойынша алғашқы үштікке Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан өңірлері кіреді. [3]


1 Кесте

Кәсіпорындар мен ұйымдардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері (01.01.2011 ж.)

Негізгі көрсеткіштер	Респонденттердің саны, барлығы	олардың ішінен				Ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық бөлімше саны
		инновация барлары	олардың ішінен аяқталған инновацияны жүзеге асырған	аяқталған инновацияны жүзеге асырмағандар	инновация саласындағы әлжарлық деңгейі, пайыз	
ҚР	10 937	572	247	10 365	94,8	723
Ақмола	764	5	5	759	99,3	18

Ақтобе	440	34	19	406	92,3	19
Алматы	750	7	3	743	99,1	2
Атырау	245	9	2	236	96,3	15
Батыс Қазақстан	195	9	9	186	95,4	13
Жамбыл облысы	400	38	26	362	90,5	34
Қарағанды	963	106	53	857	89,0	161
Қостанай	653	17	16	636	97,4	28
Қызылорда	278	36	8	242	87,1	8
Маңғыстау	466	6	1	460	98,7	15
Оңтүстік Қазақстан	727	25	1	702	96,6	27
Павлодар	514	38	12	476	92,6	38
Солтүстік Қазақстан	449	12	10	437	97,3	7
Шығыс Қазақстан	932	65	25	867	93,0	105
Астана қаласы	695	18	7	677	97,4	19
Алматы қаласы	2 466	147	50	2 319	94,0	214
Ескертпе - ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері						

1-ші суретке сәйкес 2011 жылы Қазақстан Республикасының облыстары бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың инновациялық белсенділік деңгейі 0,7% бен (минималды көрсеткіш) 12,9% (максималды көрсеткіш) аралығында ауытқиды. Республика бойынша инновациялық белсенділіктің орташа көрсеткіші 5,2%-ға тең. Ең төменгі көрсеткішке Ақмола облысы (Астана қаласын есептемегенде), ал ең жоғарғы көрсеткішке Қызылорда облысы ие.



і сурет – ҚР кәсіпорындарының инновациялық белсенділік деңгейі, %


Ескертпе - ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Қазақстан өңірлерінің инновациялық белсенділігі де әр алуан болып отыр, өйткені ол қолда бар ғылыми-техникалық, қаржылық, еңбек ресурстарына

және оларды пайдалау мүмкіндіктеріне байланысты. Сондықтан, өңірлердің инновациялық белсенділігі олардың инновациялық әлеуетіне байланысты қалыптасуға және де әртүрлі деңгейді көрсетіп отыр.

2-ші суретте көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындардың қаржы ағындарының көлемі және бағыттары өнеркәсіп салалары бойынша біркелкі емес. Бұның негізгі себебін өңірдің географиялық орны мен экономикалық тиімділігіне сәйкес әрбір өңірдің өзіне тән және маманданған өнеркәсіп салаларының қалыптасуы мен даму әлеуетімен түсіндіріледі.

Осы тұрғыда технологиялық инновацияларға бөлінетін қаржы көлемінің маңызы зор. Қазақстанда 2011 жылы бұл шараларға 236 млрд.тг. көлемінде қаражат жұмсалды. Технологиялық инновацияларға жұмсалған күрделі және ағымдағы шығындар көлемі бойынша алғашқы бестікке келесі облыстар кіреді: 1 - Шығыс Қазақстан (141 млрд.тг), 2 - Ақтөбе (29 млрд. тг), 3 - Қызылорда (19 млрд.тг), 4 - Павлодар (11 млрд.тг), Жамбыл (11 млрд.тг). Павлодар облысы 11 млрд. теңгенің шамамен 30%-н өндірістік жобалау, жаңа өнімдерді шығаруға арналған өндірісті дайындаудың басқа түрлері, жаңа қызмет көрсету немесе оларды өндіру әдісін енгізу шараларына; 25%-н технологиялық инновацияларға байланысты машиналар мен жабдықтарды сатып алуға; 24%-н жаңа өнімдерді, қызметтерді және оларды өндіру (табыстау) әдістерін, жаңа өндірістік процесстерді зерттеу және әзірлеу шараларына жұмсады. Қаржының қалған бөлігі инновациялармен байланысты персоналды оқыту және дайындау, маркетингтік зерттеулерді сатып алу және т.с.с. шараларға жұмсалды. [4]




2 сурет – Салалар бойынша технологиялық инновацияларға жұмсалған күрделі және ағымдағы шығындар, %

Ескертпе - ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

3-ші суретке сәйкес кәсіпорындарға инновациялық қызметтерін жүргізуге келергі болатын себептердәй ішкі ертеректегі инновациялардың


салдарынан жана енгізілмдердің қажет болмауы жатады. Сонымен қатар инновациялық идеялар мен жобаларды жүзеге асыру үшін үлкен қаражат көздері мен білікті мамандар қажет. Осы тұрғыда кәсіпорының иегінде капиталдың және жоғары квалификациялы мамандардың тапшылығы – аса маңызды мәселелер қатарына кіреді.



3 сурет – 2009-2011 жж. ішінде кәсіпорындарда инновациялық қызметтің жүргізілмеуінің себептері, %

Ескерту - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтерінің негізінде автормен құрастырылған

4-суретке сәйкес ҚР-да зерттеулер мен әзірлемелерді орындайтын ұйымдардың ішінде жеке коммерциялық емес сектордың алатын үлесі 2006 жылы небары 2,5%-ды құрады. Бірақ 2007-2010 жылдары бұл көрсеткіш 4%-дан 24%-ға дейін артты. Кәсіпкерлік сектор 2006-2008 жылдары 35%-дан 40%-ға артты, бірақ соңғы жылдары кәсіпкерлік сектордың үлесі 26% көрсеткішіне тең болды. Зерттеулер мен әзірлемелерді орындауда жоғары білім секторының алатын үлесі тұрықты болды, шамамен 28%-ға тең болды. Мемлекеттік сектордың алатын үлесі бес жылдар динамикасында 35%-дан 24%-ға дейін қысқарды.



4 сурет – Зерттеулер мен әзірлемелерді орындайтын ұйымдарды бөлу құрылымы, %

Ескерту - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтерінің негізінде автормен құрастырылған


5-суретте көрсетілгендей, зерттеулер мен әзірлемелерге арналған негізгі құрал-жабдықтардың тозу дәрежесі 2006-2010 жылдар аралығында біраз ауытқанымен шамамен 30% деңгейіне тең болды. Негізгі құрал-жабдықтарды жаңарту коэффициенті 2006-2007 жылдары 1%-ға өсті, бірақ кейін 6%-ға (2008-2009 жж.) төмендеп, 2010 жылы 17,6% көрсеткішіне тең болды.

Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы мен инновациялық әлеуетінің қазіргі жағдайына жүргізілген зерттеулерді қорытындылай келе, төмендегі жағдайларды атап өтуге болады:

Біріншіден, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын шығындардың көлемі әлі де мардымсыз. Қазақстанды инновация әлеміндегі көшбасшы мемлекеттердің қатарына кіргізуді қажет деп тапсақ, онда оның деңгейін экономикасы дамыған елдердің деңгейіне дейін жеткізу.

Екіншіден, өнімдердің ғылыми белсенділігі өте төмен. Оны көтеру үшін ғылыми мақсаттарға бағытталатын мемлекеттік қаражатты еліміздегі өнімдердің ғылыми-инновациялық мүмкіндіктерін ескере отырып бөлу.

Үшіншіден, ғылыми мақсатта пайдаланылатын негізгі капиталды толықтыруға немесе жаңартуға қажетті инвестициялардың көлемін кебейту қажет. Ол үшін ғылыми зерттеулермен айналысуды тартымды ету және ол үшін барлық жеңілдіктер мен ынталандыру тетіктерін енгізу.



5 сурет – Зерттеулер мен әзірлемелерге арналған негізгі құрал-жабдықтардың бөлінуі

Ескертпе – ҚР статистика агенттігінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Сонымен ұлттық инновациялық инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі – ол еліміздің инновациялық әлеуетін дамытуға негіз болатын, оны жүзеге асыру белгілі-бір нәтижелі жетістікке жетуге ықпал ететін қаржылық, экономикалық, салықтық, несиелік және басқа да іс-әрекеттер мен тетіктердің жиынтығынан тұрады. Дұрыс тандала білген механизм ұлттық экономикамыздың ұзақ мерзімде инновациялық өркендеуі мен дүниежүзілік нарықта лайықты орын алуына ұтымды жағдай жасауы тиіс.

Инновациялық инфрақұрылымды дамыту механизмі әлемдік және елдегі инновациялық ортаның жалпы жағдайына, қоғам мен ғылыми-техникалық прогрестің дамуына, адамзат мәдениеті мен ой-санасына, экология талаптарына, сонымен қатар, еліміздің нақты мүмкіндіктері мен стратегиялық өркендеу бағыттарына сай болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР статистика Агенттігінің ресми сайты: www.stat.kz
- 2 Ситенко Д.А. Перспективные направления инновационного развития Казахстана // Саясат-Policy. 2011 ж. №2. С.16-25.
- 3 Жаңа индустрияландыру - 2020 Жанаşылдығымен атағы жайылған аймақтар. 25 шілде, 2011ж. Интернет көзі: <http://kazgazeta.kz/>

4 KAZENERGY. Ақпараттық-аналитикалық журнал. № 40. Кәсіпорынға жаңа техниканы енгізу мен оны пайдалану тиімділігін арттыру жолдары. – Б.63-79

Қазақстан-Британ техникалық университеті, Алматы қ.; *С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 13.07.12 редакцияға түсті.

А.Е. ЕГИНБАЕВА, С.Н. САДЕНОВА

ОЦЕНКА ИННОВАЦИОННОЙ АКТИВНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ РК

A. YEGINBAYEVA, S. SADENOVA

ASSESSMENT OF INNOVATIVE ACTIVITY OF ENTERPRISES OF RK

Резюме

В статье описаны уровни инновационной активности предприятий по регионам РК, выявлено значение научно-технического потенциала в развитии инновационной инфраструктуры национальной экономики.

Resume

The article is devoted to the levels of innovation activity in the regions of RK, reveals the importance of scientific and technological capabilities in development of the innovation infrastructure of national economic.